


Фирдоусиа АХМЕДОВА

тарих бойынша философия докторы


Әзербайжан Демократиялық Республикасының негізгі жетістіктері

ХІХ ғасырдың басында Ресейдің Оңтүстік Кавказды аннексиялауы салдарынан Әзербайжан жері екіге бөлінді. Солтүстікте алдыңғы шептегі күштердің халықты азат ету және ұлттық сана-сезімді көтеру үшін жүргізген күресі нәтижесінде 1918 жылдың 28 мамырында Әзербайжан Демократиялық Республикасы (ӘДР) жарияланды. Бұл жаңалық

Әзербайжан Демократиялық Республикасы Парламентінің ашылу салтанаты. 1918 жылдың 7 желтоқсанындағы фотосурет



Париж бітім конференциясында ұсынылған Әзербайжан Демократиялық Республикасының картасы




сол аймақта болып жатқан қоғамдық-саяси үрдістердің қисынды жалғасы іспетті еді. Сол уақытқа қарай республика идеясы саяси күрес бағдарламасының негізін сала отырып, қоғамдық сана-сезімде нық орнықты. Әзербайжан Демократиялық Республикасының негізін қалаушылар **1918 жылдың 28 мамырынан бастап 1920 жылдың 28 сәуіріне дейінгі уақыт аралығында ұлт өмірінің барлық саласында іргелі өзгерістер жасады.**

Әзербайжан Демократиялық Республикасы Шығыс мұсылмандар және түркітілдес халықтар арасында алғаш болып парламенттік республика құрды. 28 мамыр - ӘДР жарияланған күн ретінде екі жыл бойы кең көлемде тойланған еді. Бұл айтулы дата 1920 жылы Әзербайжан Республикасы қираған кезеңмен тұспа-тұс келіп, Гянджада Кеңес билігіне қарсы көтеріліске қатысқандар жауған оқ пен артиллерия снарядтары астында атап өтті (1, т.1, с.396).

ӘДР негізін қалағандар сол кезеңдегі аса күрделі жағдайға қарамастан өз заманы үшін ең озық демократиялық басқару формасын таңдап алған болатын. **Жаңа республиканың**

бағдарламалық құжаты болып табылатын тәуелсіздік декларациясында демократия, зайырлылық және парламенттік мемлекет ұстанымдарына берілгендік көрсетіліп, бұл ұстанымдар аяғына дейін сақталды (2, с.10). Мемлекеттік билік үш тармақта жүргізілді: Парламент, Үкімет және сот жүйесі. Парламентте барлық ұлт өкілдеріне орын берілді, тіпті саны аз ұлттың өкілдері болды. Атап айтқанда: мұсылман түріктер (ескерту 2) – 80 орын, армяндар – 21, орыстар – 10, немістер – 1, еврейлер – 1, грузиндер – 1, поляктар – 1; Бұларға қоса Баку мұнай кәсіпкерлерінің кәсіподағына – 2 орын (4, с.23-26) тиді. Атқарушы билік ретінде Үкімет заң шығарушы билікке есеп беруі керек болатын. **Мемлекет парламент тарапынан қабылданған заң мен үкімдердің негізінде басқарылды.**

ӘДР құрылатын кезеңнің алдында Оңтүстік Кавказда әзербайжандықтар орналасқан жерлердің жалпы көлемі 150 мың шаршы метрді құраған еді. **3,3 миллион тұрғыны бар ӘДР-нің жер көлемі 114 мың шаршы метрді құрады (1, т.1, с.11).** Әуел баста мемлекеттің уақытша астанасы Гянджа қаласы болды. Өйткені Баку алғашында



1918 жылдың 28 мамырында қабылданған Әзербайжанның Тәуелсіздік декларациясы

«Баку халық комиссарлары кеңесі» деген атаумен белгілі большевик-дашнак үкіметінің қолында болатын. 1918 жылдың көктемінде большевиктер дашнактармен келісімге келіп, Әзербайжан автономиясы идеясының жүзеге асырылуына кедергі жасау және үкіметті басып алу мақсатында Бакудің және де басқа да Әзербайжан уездерінің бейбіт мұсылман халқын жаппай қырып-жою әрекеттерін жүзеге асыра бастайды. Нәтижесінде Баку қаласы мен оған қарасты аймақтардың барлығы олардың бақылауына өткен еді. 15 қыркүйекте ӘДР үкіметі жеке құрамының бір бөлігі осман түріктерінен құралған Кавказ ислам әскерінің көмегімен ауыр шайқастардан кейін Бакуді азат етеді. **17 қыркүйектен бастап Баку Республиканың астанасы болып жарияланды.**

Республика құрылғаннан бастап 5 үкіметтік кабинет ауысты. Алғашқы үшеуін Фатали хан Хойский, кейінгі екеуін Насиб бек Юсифбейли басқарды. **1918 жылдың 7 желтоқсанында парламент салтанатты түрде ашылды және бұл заң шығарушы орган 17 ай ғана жұмыс істеді. Осы уақыт аралығында 145 мәжіліс өткізіліп,**

270-тен астам заң жобасы талқыланып 230 заң қабылданды (4; 1, т.1, 155 б.). Парламент депутаттары 11 фракция мен топқа бірікті.


Республика құрылған кездегі алғашқы күндерден бастап мемлекеттік құрылым саласында мемлекеттік атрибуттарды қабылдау ісінен күрделі мемлекеттік міндеттерді шешуге дейінгі негізгі іс-шараларды жүзеге асыру қолға алынды. **1918 жылдың 21 маусымында қызыл түсті фондағы сегіз бұрышты ақ жұлдыз және ақ жарты ай бейнеленген мемлекеттік ту қабылданды. 9 қарашадан бастап қызыл түсті мата үш түсті матамен ауыстырылды (3, 188 б., 250).**

Жаңадан құрылған республиканың алдындағы басты мақсат Бакуді азат ету және Әзербайжан жерін бір үкіметтің қол астына біріктіру еді. Бұл үшін ұлттық армияны құру қажет болды. Үкімет қарулы күштерді құра бастады. **26 маусым күні Жеке Әзербайжан Корпусы (3, 196 б.) құрылды.** 1919 жылдың 11 қаңтарында жаңа әскери формаға көшу әрекеттері жүзеге асырылды. Өз әскери кадрларын даярлау мақсатында әскери училище, саперлар мектебі, әскери теміржолшылыр мектебі, фельдшерлер мектебі ашылды (1, т.1, 49 б.).

Мемлекеттік гимннің нота парағы. 1918 жыл, сазгер Узеир Гажибейли



Еуропаның жоғары оқу орындарына мемлекет есебінен жолданған студенттер тобы. 1919 жыл



Түркі, яғни әзербайжан тілі 27 маусым күні мемлекеттік тіл болып жарияланды (3, 201 б.). Жаңа мектептер мен педагогикалық курстар ашылып, ескі мектептер ұлттандырыла бастады, империя үстемдік құрған жылдары ауыстырылған топографиялық атауларды қайтадан жаңғырту ісі қолға алынды (Ресей империясы тұсында Елизаветполь атанған Гянджа қаласының атауы қайтарылды). Әскер саласы қайта жаңартыла бастады. 11 тамыз күні әскери міндеттілік туралы жарғы қабылданды. Оның алдында 15 шілде күні I дүниежүзілік соғыс жылдары Оңтүстік Кавказдағы түркі-мұсылман халқын жаппай қырып-жойып, тонағандарды, өлтіргендерді тергеп, кінәлілерді заңды жауапкершілікке тарту мақсатында Төтенше тергеу комиссиясын құру туралы жарғы қабылданған еді (3, 213 б.).

Комиссия Париж бейбітшілік конференциясына баратын Әзербайжан делегациясына 36 том және 3500 бет, 95 фотодан тұратын алдын-ала тергеу материалдарын дайындап 1919 жылдың қараша айына дейін жұмыс істеді. Комиссия сонымен қатар бүлік салу, қырып-жоюға және адам өлтіруге қатысты 194 адамның қылмыстық жауапкершілікке тартылуына байланысты мәселені көтерген мақалалар және жарғылардың 128 жобасын әзірледі (1, т.1, 379-380 б.). 1920 жылдың 9 ақпанында Париж бейбітшілік конференциясының Әзербайжан тәуелсіздігін де-факто мойындауына байланысты парламент амнистия туралы жарғы қабылдады және ұлтаралық қарым-қатынастағы келіспеушілікке байланысты

барлық қылмыстық істер тоқтатылды (1, т.1, 381 б.).

ӘДР Төтенше тергеу комиссиясының материалдары өткен ғасырдың басындағы әзербайжан халқына жасалған геноцидке байланысты алғашқы дереккөзі ретіндегі үлкен құндылық саналады.

Әзербайжан Демократиялық Республикасының зеңбірекшісі. 1919 жыл





1920 жылдың 28 мамырында ресми түрде қабылдануы жоспарланған Әзербайжан Демократиялық Республикасының орден мен медальдарының нобайы

Республика құрылған жылдары үлкен экономикалық жетістіктерге қол жеткізілді: Баку-Батуми мұнай құбыры қалпына келтірілді, Баку-Джульфа теміржолының құрылысы жалғасын тапты, Әзербайжан мемлекеттік банкі құрылды, ұлттық валютаның ассигнациясы шықты, Каспий теңіз көлігінің дамуына байланысты шаралар қабылданды (3; 1, т.1, 57 б.).

ӘДР баспа органдарының ішінде «Игбал» газетінің алатын орны ерекше. Аталған баспа органы тұжырымдамалы түрде республиканың қоғамдық-саяси мақсаты мен міндетін алғашқылардың бірі болып насихаттады. «Игбал», «Дирилик» газеттерінің негізгі авторлары Әзербайжандағы ұлт-азаттық қозғалысты басқаратын «Мусават» партиясының органы - «Ачыг соз» газетінің қызметкерлері мен басқарушылары болды. Бұдан басқа, ӘДР кезеңінде «Истиглал», «Азербайджан», «Овраги-нафисе», «Муселманлыг», «Гуртулуш», «Ма-

данийет», «Генчлер юрду», «Шейпур», «Занбур» газеттері ұлттық идеологияны насихаттау жолында елеулі еңбек етті. Сол кезеңдері алғашқы 4 нөмері Гянджада, кейіннен әзербайжан және орыс тілдерінде Бакуде жарияланған «Азербайджан» ресми газетінің беттерінде елдің қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени тұрмыс-тіршілігі көрініс тапты (1, т. , 0-72 б.).

Закавказ оқытушылар семинариясындағы әзербайжан бөлімінің Тбилисиден Газах қаласына көшірілуін ерекше атап өтуге болады. Газах оқытушылар семинариясы Әзербайжан бастауыш мектептеріне педагогикалық кадр дайындайтын алғашқы оқу мекемесі болды. **1919 жылдың 1 қыркүйегінде Әзербайжан парламенті Баку университетін құру туралы заң қабылдады** (3, 101-103 б.). Сонымен қатар жастарды шетелдердегі университеттерде білім алуға жіберу істері де жоспарланды. 1919-1920 оқу жылдары мемлекет қаржысы есебінен 100 жасты шет елге жоғары білім алуға жіберу туралы қаулы қабылданды. Аталған іске 7 млн. рубль бөлінді. Әрбір студентке 400 франк шәкіртақы белгіленді, 1000 франк жол қаражатына берілді. Оқуды

1918 жылдың желтоқсан айында Парламент мүшелерінің барлығына Парламенттің ашылу құрметіне таратылған естелік медаль. Әзербайжан Ұлттық тарих мұражайы



аяқтағаннан кейін олар 4 жыл жолдама берілген жерде жұмыс істеуге міндеттелді. Бұлардың 45-і Францияға, 23-і Италияға, 10-ы Ұлыбританияға, 9-ы Түркияға оқуға жолданды (1, т. 1, 75-76 б.).

1919 жылы Баку университетінде Әзербайжан әдебиеті, мәдениеті, тарихын оқытуға және насихаттауға өзіндік үлес қосқан Шығыс мұсылмандарын зерттеу қоғамы құрылды. 1920 жылдың бастапқы кезеңдерінде Халық ағарту министрлігінде археология бөлімі ашылды. «Яшыл гелем» әдеби бірлестігі, Мұсылман мәдениеті мен өнерін қорғау қоғамы, «Түрк очагы» және т.б. ұйымдар өз қызметтерін жүргізе бастады. 1919 жылы Тәуелсіздік музейі ашылды (1, т.1, 77 б.). Әзербайжан әліпбиін реформалау бойынша комиссия құрылды. **Баспадағы цензура алынып, тарихи күндерді өткізу туралы бірнеше қаулы қабылданды.**

1919 жылдың 3 наурызында үкіметтің қолдауымен **тәуелсіз ақпараттық орган - Әзербайжан телеграф агенттігінің құрылуы ӘДР-ның басты жетістігі саналады** (3, 285 б.). 1920 жылдың 2 ақпанында АзТАГ-тың құрылуына байланысты жаңа қаулы қабылданды. АзТАГ 1 наурыздан бастап Министрлер Кеңесі жанындағы жеке құрылым ретінде қызмет

атқарды. Ал ССРО кезеңінде кеңестік телеграф агенттігінің құрамына кірді

1919 жылдың 11 тамызында Әзербайжан Демократиялық Республикасының азаматтығы туралы заңның қабылдануы Әзербайжанның мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы маңызды қадамы саналды. Азаматтықты қабылдағандар заңның 6 тармағына сәйкес ант қабылдауы керек болды (3, 97 б.).

Әзербайжан Демократиялық Республикасы – АҚШ пен батыстың бірқатар елдерінен бұрын әйелдерге сайлау құқығын берген, халық үкіметі ретінде күллі Шығыста алғаш құрылған ел.

ӘДР құрылғаннан бастап белсенді сыртқы саясат жүргізді. «Әзербайжан Республикасы мен Осман империясы үкіметтері арасындағы достық туралы келісім» екі жақты қол қойылған алғашқы құжат саналады. Еуропа елдерімен дипломатиялық қарым-қатынасты жақсарту үшін 1918 жылдың 3 тамызында 28 желтоқсандағы Париж бейбітшілік конференциясына жіберілген делегацияны басқарған Али Мардан бек Топчибашев министрдің өкілетті және төтенше өкілі ретінде Ыстанбұлға жіберілді (2, 53 б.). 1919 жылдың 2 мамырында

Әзербайжан мемлекеттік театры. Баку, 1919 жыл





Баку мемлекеттік университетінің мөрі. 1919 жыл. Әзербайжан Ұлттық тарих мұражайы

АҚШ президенті Вудро Вильсонның бастама-сымен Париж конференциясының «төрттік кеңесі» мәжілісінде Әзербайжан туралы мәселе алғаш рет талқыланды (1, т. 1, 53 б.).

Ұлыбританияның бастамасымен 1920 жылдың 10 қаңтарында Париж бейбітшілік конференциясының Жоғарғы кеңес сессиясы қайта шақыртылды. Келесі күні кеңес Ұлыбританияның сыртқы істер министрі

Әзербайжан Демократиялық Республикасы төрағасы Али Мардан бек Топчубашевтің депутаттық төсбелгісі. Әзербайжан Ұлттық тарих мұражайы



лорд Керзонның ұсынысы бойынша мынадай мазмұндағы резолюция енгізеді: «Антанта елдері мен одақтастары Әзербайжан үкіметін де-факто таниды» (2, 502-503 б.).

Әзербайжанның халықаралық бейбітшілік конференция деңгейінде танылуы жас республиканың дипломатиялық байланыстарының ауқымын кеңейте түсті. Бакуде **Бельгия, Швейцария, Голландия, Чехословакия, Финляндия және басқа да елдердің консулдықтары ашылды. 1920 жылдың 20 наурызында Иран Әзербайжанды таныды** (1, т. 54). Қысқа бір мерзім ішінде Тегеранда елшілік ашылды. Тебризде – бас консулдық, Решт, Энзели, Мешхед қалаларында – вице-консулдық, Хой және Ахарада – Әзербайжанның консулдық агенттіктері ашылды. **Әзербайжан парламенті Ұлыбритания, Франция, Италия, АҚШ, Швейцария, Польша, Германия, Ресей елдеріне дипломатиялық өкілдерін жіберу туралы заң қабылдады** (2, 562-565 б.). **Әзербайжанда Ұлыбритания, Греция, Бельгия, Грузия, Армения, Дания, Италия, Литва, Польша, Иран, АҚШ, Украина, Финляндия, Швеция, Италия, Швейцария елдерінің өкілдері өз қызметтерін жүргізе бастады** (1, т.1, 55 б.). Әзербайжанның халықаралық қарым-қатынастар жүйесіне қатысуы 1920 жылдың сәуірінде кеңестік Ресейдің әскери интервенциясының салдарынан кейін тоқтатылды.

Мемлекеттің құлағанына қарамастан ұлттық идея, ұлттық мемлекеттілікке деген талпыныс сақталып қалды. Әзербайжан мемлекеттілігінің қайта құрылуындағы негізгі қадамдар, әлемнің саяси картасында Әзербайжанның орнығуы, мұсылман әлемінде демократиялық қағидаларға негізделген мемлекеттің құрылуы, саяси жағынан шектеулі болса да «Әзербайжан» атауының қолданылуы – шектеулі болуына қарамастан Әзербайжан мемлекеттілігінің негізі болып өмір сүруін жалғастырды.

XX ғасырдың соңында қайта құрылып, тәуелсіздігін алған Әзербайжан мемлекеті Алғашқы Республиканың дәстүріне өзінің тарихи сабақтастығын жария етті. 28 мамыр ресми түрде Республика күні болып жарияланды. Басқа да маңызды тарихи оқиғаларды еске алу туралы шаралар қабылданды. ӘДР көрнекті қайраткерлерінің аттары халықтың

жадында қайта жаңғыра бастады. Олардың өмірі мен қайраткерліктеріне арналған көптеген мақалалар мен кітаптар жазылып, бағдарламалар дайындалды. Алғашқы Республиканың рухани көшбасшылары, идеологтары саналған ақын, жазушылардың шығармалары жарияланып, кейбірі қайта басылып шыға бастады. ӘДР тұсында негізі қаланған кәсіби мерекелер қайта жаңғыртылды. Бір сөзбен айтқанда Әзербайжан мемлекеттілігінің сабақтастық қағидаты негізінде ұлттық жадының қайта жаңғыртылуы бойынша шаралар қабылданып, жалғасын таубада. Ресми деңгейде өткізілген мерейтойлық іс-шаралар, жоғары деңгейдегі саяси бағалаулар бүгінгі Әзербайжан мемлекетінің елдің болашақ даму бағытын айқындауда тарихи мұраға қалай көңіл аударатындығын, тарихи түп- тамырына айнымастықты көрсетеді. ✨

Әдебиеттер

1. Azərbaycan Xalq Cümhuriyyəti Ensiklopediyası, cild 1. Bakı, 2004, 440 səh.

2. Азербайджанская Демократическая Республика. Внешняя политика (документы и материалы). Баку, 1998, 632 с.

3. Азербайджанская Демократическая Республика (1918-1920). Законодательные акты (сборник документов). Баку, 1998, 560 с.

4. Азербайджанская Демократическая Республика (1918-1920). Парламент (стенографические отчеты). Баку, 1998, 992 с.

5. Вағамов Ханлар. Гәңсә үсуані -1920. Вакі, 2010.

Ескерту 1. 1920 жылдың 22 мамыр – 3 маусым аралығында болған Гянджа көтерілісі – Кеңес үкіметіне қарсы әзербайжан халқының тәуелсіздікке аңсарын көрсеткен кең көлемді қозғалыс. Гянджа көтерілісі жеңіліске ұшырауына және жаппай қуғын-сүргіннің басталуына қарамастан 1924 жылға дейін жалғасын тапқан көтерілістер тізбегінде алғашқы орында тұрды (редакцияның ескертуі).

Ескерту 2. Республиканың әзербайжан тұрғындары құжаттарда «түркілер» деп жазылды.

Әзербайжан Демократиялық Республикасының ақша купюралары. 1919 жыл. Әзербайжан Ұлттық тарих мұражайы

